

2022 жылғы 21 ақпандағы № 1-1/3910

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ЗҚАИ» РМК) Сізге тыңдау үшін «ЗҚАИ» РМК-нің 2021 жылдың 12 айы ішіндегі қызметі туралы, сондай-ақ проблемалық мәселелер мен оларды шешу жолдары туралы ақпаратты жолдайды.

ИНСТИТУТТЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

«Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы № 1228 Жарлығы негізінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығы мен ҚР Заңнама институты құрылды.

Нормашығармашылық қызметтің тиімділігін арттыру, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде құқықтық ғылымның рөлін күшейту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін бірыңғай мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «ҚР Заңнама институты» мемлекеттік мекемесін біріктіру жолымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК құру туралы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 149 қаулысы қабылданды, оның қызметінің нысанасы:

1) заң жобаларының тұжырымдамаларын және заңнамалық актілер жобаларын әзірлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеуге қатысу;

2) заңнама тиімділігіне талдау жүргізу (нормативтік құқықтық актілерді талдау);

3) заңнамалық актілердің жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы қамтамасыз ету;

4) заңдардың, ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың жобаларына, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптаманы қамтамасыз ету;

5) мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

6) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының талдамалық және әлеуметтік зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулерінің бірыңғай дерекқорын жүргізу;

7) заңнамалық актілерді ағылшын тіліне аударуды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, 29 жылға жуық уақыт бойы ҚР Әділет министрлігінің «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» РМК бірегей ғылыми мекеме бола отырып, мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей қатысады және ақпараттық-құқықтық қызметтер нарығында ойдағыдай жұмыс істеп келеді.

ИНСТИТУТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

«ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК мәртебесі бойынша ғылыми ұйым бола отырып, өз қызметін мынадай нормативтік құқықтық актілер (негізгі НҚА-лар) негізінде жүзеге асырады:

«Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1993 жылғы 16 маусымдағы № 1228 Жарлығы, «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Қазақстан Республикасындағы норма шығармашылығы қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 149 қаулысы.

«ЗҚАИ» РМК Жарғысы ҚР Қаржы министрлігінің ММЖЖК-нің 2019 жылғы 7 шілдедегі № 605 бұйрығымен белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілді.

Кәсіпорында 2019 жылғы 5 шілдеде директор бекіткен Ғылыми кеңес тұрақты негізде жұмыс істейді («Ғылыми кеңес туралы» 2019 жылғы 5 шілдегі ереже);

«ЗҚАИ» РМК-де 2019 жылғы 10 шілдедегі № 139 бұйрықпен бекітілген «Тұрғын үй комиссиясы туралы» ереже негізінде әрекет ететін «Тұрғын үй комиссиясы» жұмыс істейді. Өйткені РМК балансында ведомстволық жатақхана бар.

Институтта 2019 жылғы 28 маусымдағы № 123 бұйрықпен бекітілген «Тәртіптік комиссия туралы» ереже негізінде әрекет ететін Тәртіптік комиссия да жұмыс істейді.

Еңбек ұжымы мен Кәсіпорын әкімшілігі арасындағы барлық құқықтық қатынастар 2019 жылғы 1 шілдеде бекітілген Ұжымдық шарт негізінде шешіледі.

«ЗҚАИ» РМК негізгі бағыттары жұмыс жоспарларын жасау кезінде ескерілетін 2021 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясы әзірленді және бекітілді (2021 жылғы 28 маусымдағы № 116 бұйрықпен бекітілді).

«ЗҚАИ» РМК кәсіпорынның құрылымы (2021 жылғы 15 қарашадағы № 179 бұйрық) әзірленді және бекітілді, оның негізінде 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрықпен бекітілген РМК-нің штаттық кестесі бекітілді.

Сонымен бірге, «ЗҚАИ» РМК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 231 бұйрықпен бекітілген «Комплаенс – қызмет туралы» ереже қолданылады.

ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ: ҚР НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІ

Мемлекеттік тізілімде барлығы 147 мыңнан астам жазба (НҚА деректемелері) орналастырылған.

2021 жылы Мемлекеттік тізілімге 11 601 акт, оның ішінде жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың 8 931 нормативтік құқықтық актісі енгізілді.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, Мемлекеттік тізілімге ағымдағы жылы 1 778 акт (15 %) кем енгізілді.

Мемлекеттік тізілім Интернетте еркін қолжетімді (www.zanorda.kz), оның ақпараттық ауқымы күнделікті жаңартылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылып отырады.

ҚР НҚА ЭТАЛОНДЫҚ БАҚЫЛАУ БАНКІ

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі ҚР Заңының ережелеріне сәйкес Эталондық банк ҚР нормативтік құқықтық актілерін электрондық түрде ресми жариялау көзі болып танылды. НҚА ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен бекітілген мерзімде (5 жұмыс күні) жүйеге енгізіледі. Республика бойынша күнделікті орташа есеппен 46 НҚА жарияланады.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі электрондық және қағаз түрінде қалыптастырылады.

ЭББ АЖ-да барлығы 147 мыңнан астам НҚА енгізілген.

2021 жылы Эталондық банкте 11 601 акт жарияланды, 2020 жылғы осы кезең ішінде 13 379 акт жарияланған.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, ағымдағы жылы 1778 НҚА-ға (15 %) кем енгізілді. Эталондық банк актуалды жай-күйде ұсталады.

2021 жылы 7888 НҚА-ға түзетулер енгізілді (өткен жылмен салыстырғанда, 451 актіге артқан (6 %), оның ішінде: 3216 – орталық мемлекеттік органдардың, 4672 – жергілікті органдардың актілері. 4101 НҚА күшін жоюға қойылды, 2020 жылмен салыстырғанда, 2914 актіге (41,5 %) кем).

ЭББ АЖ-да НҚА-ларды ресми жариялау пайдаланушылар арасында танымалдылығын арттыруға оң ықпал етеді. Осылайша, 2021 жылы ҚР НҚА ЭББ АЖ-ды 562 мыңнан аса пайдаланушылар пайдаланған және кіріп шыққандар саны 838 мыңнан асып, 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, пайдаланушылар 116,83 %-ға артқан (2020 ж. – 259 421) және кіріп шығу саны 84,37 %-ға артқан (2020 ж. – 454 819).

«ӘДІЛЕТ» АҚПАРТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жүйелендірілген және толыққанды деректер қорына жалпыға бірдей тегін қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған. Жүйе Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жиынтығын қамтиды.

Жүйе интернет желісінде, МО БКО желісінде және Қорғаныс Министрлігі, ҰҚК, МКҚ (АЖ бейнесі) жабық желілерінде жұмыс істейді. Жаңарту кезінде деректердің дұрыс синхрондалуы қамтамасыз етілген.

МО БКО ортада қолжетімділікті ұйымдастыру бөлігінде мемлекеттік органдарды консультациялық қолдауды қамтамасыз ету шеңберінде мынадай функционал түрлендірілген:

- «Онлайн-кеңесші» виджетінің өлшемін өзгерту мүмкіндігі;
- «Онлайн-кеңесші» виджетін жұмыс терезесінің шетіне, ортасына, ауыстыру мүмкіндігі;
- Виджеттегі өтініштің жауабына пайдаланушының баға қоюы;
- Құқықтық ақпараттық қызметке автоматты түрде қоңырау шалу белгішесін басу арқылы қоңырау шалу мүмкіндігі.

«ӘДІЛЕТ» АҚЖ-ны пайдаланушылар мен оған кірулер саны:

	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы	Айырмашылығы
Пайдаланушылар	7,9 млн	10,8 млн	37,39 %-ға ұлғайды
Кірулер	24,71 млн	31,39 млн	27,04 %-ға

			ұлғайды
--	--	--	---------

«ӘДІЛЕТ» АҚЖ-ға елдер бойынша кірулер үлесі:

Ел	2020 жылдың 12 айы		2021 жылдың 12 айы		Айырмашылығы	
	Пайдаланушылар	Кірулер	Пайдаланушылар	Кірулер	Пайдаланушылардың өзгеруі %	Кірулердің өзгеруі %
Қазақстан	7 444 149	23 905 172	10 054 239	30 146 874	35,06	26,11
Ресей	190 117	267 961	301 507	412 329	58,59	53,88
АҚШ	56 492	71 844	84 622	105 598	49,79	46,98
Швеция	76 686	120 443	58 676	87 911	-23,49	-27,01
Франция	5 170	8 867	61 409	73 824	1 087,79	732,57
Украина	16 125	24 110	46 135	61 353	186,11	154,47
Үндістан	11 875	15 34	40 380	47 247	240,04	207,90
Германия	11 923	17 549	37 819	49 051	217,19	179,51
Өзбекстан	15 185	26 040	30 729	48 137	102,36	84,86

Құрылғылар бойынша сеанстардың статистикасы:

Құрылғы	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Дербес компьютер/Ноутбук	61,21 % (15,13 млн)	56,79 % (17,83млн)
Смартфон	38,79 % (9,58 млн)	43,21 % (13,56 млн)

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕН
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ТАЛДАМАЛЫҚ, КОНСАЛТИНГТІК,
ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
БІРЫҢҒАЙ ДЕРЕКҚОРЫ**

Зерттеулер базасы Интернет желісінде де (квазимемлекеттік сектор үшін), сондай-ақ МО БКО-да (МО қызметкерлері үшін) қолжетімді.

Есепті кезеңде (2021 жыл) Зерттеулер базасының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді. Техникалық сүйемелдеу 2021 жылға арналған сүйемелдеу қызметтерінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылды. Ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес қаріп өлшемі мен түсін

баптау мүмкіндігімен нашар көретін адамдарға арналған сайттың балама нұсқасына көшу мүмкіндігі қосылды.

Сонымен қатар жүйені пайдалану барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында кері байланыс бөлігінде жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен құрылымдық бөлімшелердің анықтамалықтары жаңартылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Зерттеулер базасында орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың 2 791 зерттеуі жүктелді. 2021 жылғы 12 айдағы жүктеп алу саны 134-ті құрады, бұл 2020 жылғы 12 айға қарағанда 54,5 %-ға артық.

Сонымен қатар Зерттеулер базасында 251 пайдаланушы тіркелген.

2021 жылғы кезеңде Зерттеулер базасына мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың 104 зерттеуі жүктелді, бұл 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 44,09%-ға аз (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта 186 зерттеу жүктелген болатын).

ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын орындау үшін «Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ЗҚАИ») ШЖҚ РМК) базасында 2011 жылғы 11 қаңтарда Құқықтық ақпараттық қызмет құрылды.

2021 жылы Құқықтық ақпараттық қызмет (бұдан әрі – *Қызмет, ҚАҚ*) **145 055** құқықтық консультация берді, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1,9%-ға аз (2020 жылғы ұқсас кезеңде 147 922 болған), оның ішінде:

- бірыңғай 119 нөміріне телефон шалу арқылы түскен өтініштерге **120 339** консультация, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 10,1%-ға аз (2020 жылғы ұқсас кезеңде 133 856 болған);

- WhatsApp онлайн мессенджері арқылы келіп түскен **9 178** жазбаша өтініш, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 13,9%-ға аз (2020 жылғы ұқсас кезеңде 8 058 болған);

- «Әділет» ҚР НҚА ДБ өтініштер модулі арқылы түскен **2 699** онлайн-консультация, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 135,1%-ға көп (2020 жылғы ұқсас кезеңде 1 148 болған);

- «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің дерекқорының «Виртуалды кеңесші» виджеті арқылы түскен **11 553** өтініш, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 178,12 %-ға көп (2020 жылғы ұқсас кезеңде 4 154 болған);

- ҚР Әділет министрінің сайтына келіп түскен **581** жазбаша өтініш, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 21,29 %-ға көп (2020 жылғы ұқсас кезеңде 479 болған), оның ішінде ҚР Әділет министрінің блог-платформасына түскен **494** өтініш бойынша консультация (2020 жылғы

ұқсас кезеңде 391 болған), ҚР ӘМ ведомстволық сайтындағы «Сұрақ-жауап» бөліміне келіп түскен **87** өтініш (2020 жылғы ұқсас кезеңде 88 болған).

- атқарушылық іс жүргізу, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану мәселелері бойынша келіп түскен **705** өтініш (шағым), бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 478 %-ға көп (2020 жылғы ұқсас кезеңде 227 болған).

Жұмыс күні телефон арқылы түскен консультациялардың орташа саны **481** (тәулігіне - 330) және **99** жазбаша консультация берілді.

2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда, 2021 жылы 119 нөміріне телефон шалу арқылы консультациялық қызметтерді көрсету көрсеткішінің шамалы төмендеуіне 2020 жылы орын алған төтенше жағдайға (COVID-19) орай Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына байланысты 2020 жылғы 18 наурыздан бастап Құқықтық ақпараттық қызмет құқықтық мәселелерді түсіндіру бойынша жедел желі ретінде жариялануынан және сол себепті азаматтардың өтініштері санының күрт өсуі ықпал етті.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2020 – 2024 жылдарға арналған даму жоспарында «Азаматтардың білікті заң көмегін және тіркеу қызметтерін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету» мақсатында 2021 жылға жоспарланған 95,5 % көрсеткішімен «Ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған қанағаттандырылған азаматтардың үлесі» нысаналы индикаторы көзделген.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған азаматтардың жалпы саны 10 436 болды, оның ішінде қанағаттандырылғандар саны – 9 967 азамат. Осылайша, ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған қанағаттандырылған азаматтардың үлесі 2021 жылы іс жүзінде **95,5 %-ды** (бұзушылықсыз орындау) құрады.

Сонымен қатар ҚР халқын 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған электоралды кезеңде сайлау заңнамасының мазмұнын тиімді және толыққанды түсіндіру жұмыстарымен қамтамасыз ету мақсатында ҚАҚ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясымен жасалған шартқа сәйкес сайлау заңнамасын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына сайлауды түсіндіру бойынша халыққа консультациялық қызметтер көрсетті.

2021 жылғы 2 ақпандағы № 9 мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт), сондай-ақ «Халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету және НҚА дерекқорына жалпыға бірдей тегін қол жеткізу жөніндегі қызметтерді» көрсету жөніндегі жылдық жұмыс жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) орындау барысында 2021 жылы Құқықтық ақпараттық қызмет «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы» журналындағы «Әділет кеңес береді» айдарында орналастыру үшін «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға зейнетақы жинақтарын мақсатты пайдалану

мүмкіндігі туралы», «ММИ бірлестігі (мүліктің меншік иелері) бойынша өзекті мәселелер», «Заң консультанттарының заң көмегін көрсетуіне қатысты өзекті мәселелер» тақырыптарында мақалалар дайындалды.

Президент Жарлығымен 2022 жылғы 5 қаңтардан 19 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай және коменданттық сағат (23.00-ден 07.00-ге дейін) енгізілді. Осылайша, Мемлекет Басшысының төтенше жағдай кезіндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде ТЖ режимінің қолданылу кезеңінде уәкілетті мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің ақпараттық қызметтерімен қатар, Құқықтық ақпараттық қызмет Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізуге байланысты құқықтық мәселелерді түсіндіру бойынша жедел желі болып жарияланды.

Көрсетілген кезеңде халықты мынадай мәселелер:

- халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс режимінің қалпына келтірілуі туралы;

- ЖАО және АХАТ қызметі бойынша сұрақтар;

- кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген залалды қалпына келтіру тәртібі және сауда мен кәсіпкерліктің басқа да мәселелері туралы;

- екінші деңгейдегі банктердің жұмысын қалпына келтіру және кредит төлемдерін кейінге қалдыру туралы;

- авиабилеттерді қайтару және теміржол вокзалдарының жұмыс режимі туралы;

- интернет жұмысын қалпына келтіру туралы және т.б. қызықтырды.

Осылайша, көрсетілген мерзімде ҚАҚ телефон арқылы **5264** кеңес берді.

Сонымен қатар Құқықтық ақпараттық қызметті одан әрі дамыту және танымал ету мақсатында «ЗҚАИ» РМК мыналармен:

- ҚР Республикалық нотариаттық палатасымен (*бұдан әрі – РНП*);

- ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасымен (*бұдан әрі – ЖСОРП*);

- Қазақстан Республикасының Республикалық адвокаттар алқасымен (*бұдан әрі – РАА*);

- Республикалық заң консультанттары алқасымен (*бұдан әрі – РЗКА*). ынтымақтастық туралы меморандумдар (*бұдан әрі - Меморандум*) жасасты.

Осылайша, Меморандумның 3-бабының негізінде, анықтамалық-консультациялық сипаттағы қызметтерді сапалы көрсету мақсатында 2022 жылғы 12 қаңтардан бастап ҚАҚ нотариаттық қызмет саласында РНП-мен, атқарушылық іс жүргізу саласында ЖСОРП-пен және заң қызметтері саласында РЗКА-мен (*бұдан әрі – Тараптар*) өзара қарым-қатынас жасайды, бұл өзара қарым-қатынас Тараптарға өзара қолдауды қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтық сауаттылығын ілгерілету мен дәріптеуде, сондай-ақ бірлескен іс-шараларды іске асыру кезінде серіктестік негізде ақпараттық, құқықтық және ұйымдастырушылық ресурстарды пайдалану бойынша Тараптардың өзара қолдауын және белсенді ынтымақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ

2020-2021 жылдары мәртебесі бойынша ғылыми ұйым болып табылатын Институт жарғылық қызмет шеңберінде мынадай ғылыми жұмысты жүзеге асырды.

Ғылыми құқықтық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету

ЗҚАИ ҚР ӘМ-мен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 наурыздағы Заң шеңберінде ғылыми құқықтық сараптаманың жаңа моделін (бұдан әрі – ҒҚС) іске қосу бойынша жұмыс жүргізді.

2021 жылғы 21 маусымнан бастап ҒҚС жүргізу жаңа модель шеңберінде жүзеге асырылады. ЗҚАИ-ға ғылыми қызметтің жаңа бағыты – ғылыми құқықтық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету бекітілді.

Құқық пен заңнаманың түрлі салаларының Ғылыми құқықтық сарапшыларының тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) қалыптастырылды. Тізілімге шетелдік сарапшылар да, ұлттық сарапшылар да тең негізде кірді.

Сарапшылар ҒҚС қорытындысын беру кезінде тәуелсіз және өздері берген ҒҚС қорытындысы үшін дербес жауапты болады.

Тізілім Сарапшылар тізілімін қалыптастыру жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде қалыптастырылды. Комиссия кандидаттарды Үкіметтің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 «Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері» қаулысымен және Әділет министрінің 2021 жылғы 24 маусымдағы № 532 «Заңдардың жобаларына, ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама жүргізуді қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес іріктейді.

2021 жылы Сарапшылар тізілімін қалыптастыру жөніндегі комиссияның 3 отырысы өткізілді.

Тізілімге енгізу туралы ниет білдірген, сарапшы болуға кандидаттардың құжаттары тұрақты негізде келіп түседі.

Бүгінгі күні сарапшылармен (заң жобалары бойынша сараптама жүргізетін 91 сарапшымен; халықаралық шарттар немесе халықаралық шарттар жобалары бойынша сараптама жүргізетін 25 сарапшымен) 112 шарт жасалды.

ЗҚАИ-ға әзірлеуші органнан ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге сұрау салу келіп түседі, ол қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

ҒҚС жүргізуге сарапшыларды таңдау құқық салаларының және заңнаманың, регалиялардың және т.б. сәйкестігі негізінде жүргізіледі. Сарапшыларды таңдағаннан кейін оларға жоба бойынша құжаттар пакетімен бірге заң немесе халықаралық шарт жобасы жіберіледі. Сарапшы

электрондық поштаға келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы жауап береді. Егер сараптама комиссиялық болса, сараптама комиссиясының соңғы мүшесінің келісімінен кейін ЗҚАИ қызметкері үйлестіретін чат құрылады.

2021 жылғы 21 маусым мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде жаңа модель шеңберінде 53:

- заң жобалары бойынша - 34;
- ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша 19 сараптама жүргізілді.

Алдағы уақытта «Е-заңнама» шеңберінде процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жоспарлануда.

Консультациялық қызметтер және ғылыми құқықтық сараптама

Атап айтқанда, **112** консультациялық қызмет көрсетілді.

Оның ішінде:

- 1) заң жобалары бойынша реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын әзірлеу бойынша – **29**;
- 2) заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша – **36**;
- 3) заң жобаларын әзірлеу бойынша – **47**.

Сонымен қатар есепті кезеңде Институт қызметкерлері әртүрлі заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарының **124** отырысына қатысты.

94 заң жобасына және ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша **39** ғылыми құқықтық сараптама жүргізілді.

№ 1 кестеде жүргізілген жұмыс шеңберінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 1 кесте

Көрсеткіштер	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Заң жобалары бойынша реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын әзірлеу бойынша консультациялық қызметтер	-	29
Заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша консультациялық қызметтер	32	36
Заң жобаларын әзірлеу бойынша консультациялық қызметтер	43	47
Заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптама	79	94
Халықаралық шарт жобаларына ғылыми құқықтық сараптама	38	39
Заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу	98	124

Барлығы	290	369
---------	-----	-----

Ғылыми лингвистикалық сараптама

Есепті кезеңде (2021 ж.) «ЗҚАИ» РМК **172**, оның ішінде: **124** – заң жобасына (ПӘ-ден кейін қайталама – **40**); **48** – халықаралық шарт жобасына сараптама қорытындысын берді.

№ 2 кестеде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу шеңберінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 2 кесте

Көрсеткіштер	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Сараптама қорытындысы, оның ішінде:	160	172
заң жобалары бойынша	113	124
халықаралық шарт жобалары бойынша	47	48

Заңнаманың тиімділігін талдау

Есепті кезеңде Институттың Құқықтық мониторинг орталығы **50** заңнамалық актінің тиімділігіне талдау жасады.

№ 3 кестеде құқықтық мониторинг жүргізу шеңберінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 3 кесте

Көрсеткіштер	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Заңнамалық актілердің тиімділігін талдау	50	50

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы мынадай іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша жүргізілді:

1. «Қазақстан Республикасында заң жобалау қызметін ғылыми қамтамасыз ету» (2021-2023 ж.ж.);

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру шеңберінде қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру жолдары»;

3. «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы және Ерекше бөлімдер) мәтіндік теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету проблемалары».

Зерттеу тақырыбы елдің мынадай: Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына жолдауы, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспары және Заң шығару жұмысының

2021 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспары сияқты стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен анықталады.

Институттың ғылыми-теориялық ізденістері нәтижелерінің апробациясы заң шығару саласында заң жобаларына, халықаралық шарттар мен олардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында, сондай-ақ Институт қызметкерлерінің қатысуымен әзірлеуші органдармен бірлесіп заң жобаларын әзірлеу барысында жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде ғылыми қызметті жүзеге асыру шеңберінде Институт қызметкерлері **13** монография, ғылыми-құқықтық конференция материалдарының **4** жинағы, **156** ғылыми мақала және интернет-порталдарда **54** жарияланым жарияланды, сонымен қатар интернет-порталдарға **3** интервью берілді.

Есепті кезеңде Институт **17** іс-шара ұйымдастырды және өткізді, сондай-ақ Институттың қызметкерлері **171** іс-шараға қатысты (дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар және т.б.).

№ 4 кестеде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу шеңберінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 4 кесте

Көрсеткіштер	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Ғылыми зерттеулер тақырыптарының саны	6	3
Ғылыми мақалалар	206	159
Интернет-порталдардағы жарияланымдар	38	54
Интернет-порталдарда берілген интервью	4	3
Монографиялар	4	13
Жинақтар	3	4
Ғылыми басылымдар	1	-
Институттың іс-шаралар өткізуі (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	29	17
Іс-шараларға қатысу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	108	171

Институттың баспа және типографиялық қызметі

Есепті кезеңде баспа және типография қызметі бөлімі **6887** данада **57** өнім түрі бойынша баспа өнімдерін басып шығарды.

№ 5 кестеде баспа және типография қызметі шеңберінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 5 кесте

Көрсеткіштер	2020 жылдың 12 айы	2021 жылдың 12 айы
Дайындалған баспа өнімдері	8854	6887

**ҚР ӘМ «ҚР ЗҚАИ» РМҚ 2021 жылғы
ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ**

Кәсіпорынның 2021 жылғы кірісін талдау

Кәсіпорынның 2021 жылғы кірісі ҚҚС есебімен 1 761 млн теңгені құрады, **оның ішінде:**

- 1) ҚР ӘМ-мен жасалған шарттар бойынша - 1 458 млн теңге;
- 2) 299 млн теңге сомасында коммерциялық шарттар;
- 3) өзгелері 4 млн теңге сомасында.

2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда кірістер 9,3 %-ға немесе 181 млн теңгеге азайды.

Кәсіпорын 006 «Мемлекеттік органдардың заң шығару қызметін ғылыми сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ҚҚС-ты ескере отырып, жалпы сомасы 361 млн теңге болатын мынадай қызметтер көрсетеді:

- реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын және заңнамалық актілер жобаларын әзірлеуге қатысу – 215 млн теңге;
- заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізу – 65 млн теңге;
- ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу – 51 млн теңге;
- заң жобаларына, ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама жүргізу – 30 млн теңге.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

47 заң жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізілді, жоспар бойынша – 47 сараптама;

19 халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізілді, жоспар бойынша 19 сараптама;

реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын және заңнамалық актілер жобаларын әзірлеу бойынша 105 консультациялық қызмет көрсетілді, жоспар бойынша 105 бірлік;

қолданыстағы заңнамаға 50 талдау жүргізілді, жоспар бойынша 50 бірлік;

170 лингвистикалық сараптама жүргізілді, жоспар бойынша 170 бірлік.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің қорытындылары бойынша алынған ұсынымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру тұжырымдамасы шеңберінде әзірленген, нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген ұсыныстардың үлесі 15,09 % құрайды, жоспар бойынша 15% ұсынымдардың жалпы саны 53 болды, олардың ішінде 8 ұсыным НҚА-ға енгізілді.

009 «Халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету және Біріңғай құқықтық ақпарат жүйесін енгізу» бюджеттік бағдарлама шеңберінде

кәсіпорын ҚҚС-ны ескергенде жалпы соммасы 1097 млн теңге болатын мынадай қызметтер көрсетеді:

- ҚР НҚА Эталондық бақылау банкін, ҚР Мемлекеттік тізілімін жүргізу – 642 млн теңге.

- халықты құқықтық ақпаратпен және НҚА деректер базасына жалпыға бірдей тегін қолжетімділікпен қамтамасыз ету (Әділет, ДБ зерттеулері ҚАҚ) – 455 млн теңге.

Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

Құқықтық консультациялар ұсыну мүмкіндігі бар, ҚР НҚА-ның (adilet.zan.kz) жүйеленген және түпкілікті бір деректер базасына жалпыға бірдей тегін қол жеткізу ұсынылды (*хабарласу нөмірі 119*).

Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің, Эталондық бақылау банкінің Мемлекеттік тізілімін жүргізу бойынша 1 қызмет көрсетілді.

Тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілді:

Ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған қанағаттандырылған азаматтардың үлесі 95,5 %-ды құрады, жоспар бойынша 95,5 %. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған азаматтардың жалпы саны 10 436 құрады, оның ішінде қанағаттандырылғандар саны – 9 967 азамат. Осылайша, ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған азаматтардың үлесі 2021 жылы іс жүзінде 95,5 %-ды құрады (бұзушылықсыз орындау).

2019 жылы барлығы – 1 420 млн. теңге, 2020 жылы – 1 626 млн. теңге, 2021 жылы – 1 458 млн теңге бюджет қаражаты бөлінді. 2022 жылға бюджет 1 505 млн. теңге көлемінде жоспарланған.

Кәсіпорын қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижесіне ие, табысты болып табылады, салық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде төлейді.

Жедел деректер бойынша 2021 жылғы түпкілікті пайда 23 млн теңгені құрайды, оның ішінде:

- республикалық бюджетке аударымдар (ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығына сәйкес) – 2 млн теңге.

ИНСТИТУТТЫҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша кәсіпорын қызметкерлерінің штат саны **268** бірлік болды, оның ішінде орталық кеңседе – **183** бірлік, филиалдарда – **85** бірлік.

Басшылық – 7 бірлік, олардың ішінде директор – 1 бірлік, директордың орынбасарлары – 4 бірлік, директордың кеңесшісі – 1 бірлік, ғылыми хатшы – 1 бірлік.

Ғылым саласы бойынша штат саны – 66 бірлік, оның ішінде: бөлім басшылары – 7 бірлік, бас ғылыми қызметкерлер (БҒҚ) – 9 бірлік, жетекші ғылыми қызметкерлер (ЖҒҚ) – 20 бірлік, аға ғылыми қызметкерлер (АҒҚ) – 13 бірлік, ғылыми қызметкерлер (ҒҚ) – 10 бірлік, кіші ғылыми қызметкерлер (КҒҚ) – 3 бірлік, бас мамандар – 4 бірлік.

Ғылым саласы бойынша бос орындар: қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқарушылық заңнама бөлімінің басшысы – 1 бірлік, халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану бөлімінің 0,5 ставкадағы ЖҚҒ – 1 бірлік, заңнама тиімділігін талдау бөлімінің АҒҚ – 1 бірлік, Лингвистика орталығы аударма секторының АҒҚ – 1 бірлік.

Ғылым саласы бойынша нақты саны – 62 бірлік. Оның ішінде: бөлім басшылары- 6 бірлік. Бас ғылыми қызметкерлер (БҒҚ) – 9 бірлік, жетекші ғылыми қызметкерлер (ЖҒҚ) – 19,5 бірлік, аға ғылыми қызметкерлер (АҒҚ) – 11 бірлік, ғылыми қызметкерлер (ҒҚ) – 10 бірлік, кіші ғылыми қызметкерлер (КҒҚ) – 3 бірлік, бас мамандар – 4 бірлік.

Өндіріс саласы бойынша қызметкерлердің штат саны – 110 бірлік, оның ішінде: басшылар – 24 бірлік, бас мамандар – 62 бірлік, жетекші мамандар – 2 бірлік, оператор консультанттар – 15 бірлік, басқа да өндіріс – 7 бірлік.

Филиалдардың штат саны – 85 бірлік, 18 филиал, оның ішінде директорлар – 18 бірлік, директорлардың орынбасарлары – 13 бірлік, бас мамандар – 48 бірлік, жетекші мамандар – 6 бірлік.

Өндіріс саласы бойынша бос орындар: Қызылорда филалының жетекші маманы 1– бірлік, шаруашылық бөлімінің жүргізушісі – 1 бірлік. Білімі бойынша: жоғары білімі барлар – 99,9 %, оның ішінде ғылыми дәрежесі барлары: з.ғ.д. – 8 бірлік, з.ғ.к. – 24 бірлік, магистрлер – 17 бірлік және Phd докторлары – 4 бірлік.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша 11 қызметкер оқудан өтті және оқып жатыр.

Қысқарту бойынша: 2019 жылғы 1 қарашада штат саны – 350 бірлікті құрады.

Қызметкерлер саны 25 %-ға, яғни 87 бірлікке қысқарды, оның ішінде:
- 2020 жылы – 10 %, 35 бірлік қысқартылды, оның ішінде 15 қызметкер, 20 бос жұмыс орын қысқарды.

- 2021 жылы – 15%, 52 бірлік қысқартылды, оның ішінде 8 қызметкер, 44 бос орын қысқарды.

Біріктірілгенге дейінгі штат саны: РҚАО – 251 бірлік, ЗИ – 101 бірлік.

Біріктірілгеннен кейінгі штат саны – 352 бірлік.

«ЗҚАИ» РМК өз қызметін кең филиалдық желі арқылы жүзеге асырады. Осылайша, бүгінгі күні кәсіпорынның Республиканың барлық өңірлерінде орналасқан 18 филиалы бар.

Институт қызметкерлерін әлеуметтік қолдау мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде, атап айтқанда, мынадай материалдық көмек көрсетілді: 70 рет, оның ішінде туу бойынша – 29 рет, некеге тұру бойынша – 4 рет, жақын туысының қайтыс болуына байланысты – 22 рет, қызметкердің операциясына

байланысты – 5 рет, мерейгер/зейнеткерлерге – 9 рет және Балаларды қорғау күніне – 1 рет.

ИНСТИТУТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

ҚР ӘМ «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ЗҚАИ» РМК) балансында 2008 жылғы 28 қарашадағы Мемлекеттік меншікті қабылдау-тапсыру актісі негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алынған, Нұр-Сұлтан қаласы, Сейфуллин көшесі, 18/2 үй мекенжайы бойынша орналасқан, әділет органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген жатақхана ғимараты бар (қоса беріледі).

Жатақхана ведомстволық болып табылады және әділет органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері тұратын 45 тұрғын бөлмеден тұрады. Қазіргі уақытта тұратындардың жалпы саны 151 адамды құрайды (толық анықтама-кесте қоса беріледі). Жатақхананың жалпы ауданы – 2620,00 шаршы метр, тұрғын үй – 1 600 шаршы метр болады, баланстық құны – 982 712,00 теңге (беру кезінде).

Сондай-ақ кәсіпорынның балансында мынадай 3 филиалда:

- Алматы қаласындағы филиалда – 62,4 шаршы метр, 1959 жылы салынған;
- Қарағанды облысындағы филиалда 147,1 шаршы метр, 1985 жылы салынған;
- Жамбыл облысындағы филиалда 136,8 шаршы метр, 1961 жылы салынған жеке офистік үй-жайлар бар.

ИНСТИТУТТЫҢ МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ (СПОРТТЫҚ) ІС-ШАРАЛАРЫ

Институт қызметкерлері түрлі мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға, атап айтқанда: ҚР Әділет министрлігінің, ЗҚАИ директорының жүлдесі үшін волейбол, футбол бойынша спорттық жарыстарға; жалпықалалық сенбіліктерге; елді мекендер аумағында ағаш отырғызуға; «Балалар мен тұрмысы төмендерге көмек» қайырымдылық акцияларына; кітап жәрмеңкелеріне және тағы сол сияқты іс-шараларға тұрақты түрде қатысады.

2020-2021 жылдар аралығындағы кезеңде «COVID-19» коронавирустық инфекция эпидемиясының таралуына байланысты жаппай іс-шаралар шектеулі болды.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК директоры

Р. Сәрпеков